

Қарттарын қадірлеген - ел ардақты



С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің менгерушісі Гүлзат Жұмабайқызы және бөлiм

қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Қарттарым асыл қазынам» атты зейнеткер ардагерлерімізге арналған салтанатты кеш өткізілді.

Өткенсіз бүгін жоқ дегендей, 80 жылдық тарихында кітапхана өмірінде өздерінің өшпестей ізін қалдырған, кешіміздің арнайы қонақтары киелі шаңырақта көп жыл еңбек етіп, қажырлы еңбегінің арқасында зейнеткерлікке шыққан ардагер кітапханашыларымызды сый құрметпен гүл шоқтарын табыстай отырып, әсем әнмен қарсы алдық. Қонақтарымызға сөз кезегі беріліп өздерінен кейінгі қызметкерлерге жылы лебіздері мен ізгі тілектерін білдірді.

Кеш барысында осы кітапхананың көркеюіне елеулі еңбек еткен, өмірден өткен ардақты ардагер кітапханашыларымыздың құрметіне 1 минут үнсіздік жарияланып, еске алу бейнебаяны көрсетілді. Кеште өнер мектебінің директоры Нұрдәулет Кәдірбеков орындауындағы әсем ән мен «Айкөркем» би ансамбілінің керемет биімен жалғасты. Кітапханамыздың жанашыры Жұмабай Жұмасейітовтың арнайы кешіміздің қонақтарына арнап шығарған «Мерекең құтты болсын - Кітапхана» атты арнауы оқылды.

Кеш соңында қонақтарымызға алғыс хат пен сыйлықтар ұсынылып, естелік суретке түсірілді.

И.Амангельдина,

«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің қызметкері